

Белгіленген реттерде әрекетке қабілетсіз деп танылған немесе әрекетке қабілеттілігі шектелген, сондай-ақ мемлекеттік лауазымды атқару құқығынан сот айырған тұлғалардың бірыңғай есебін жүргізудің реті жөніндегі Ережені бекітіп, қолданысқа енгізу

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Бас Прокурорының 2002 жылғы 13 желтоқсандағы N 67 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2003 жылғы 10 қаңтарда тіркелді. Тіркеу N 2115. Күші жойылды - Қазақстан Республикасының Бас Прокурорының 2007.06.07. N 22 (бұқаралық ақпарат құралдарында ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Күші жойылды - Қазақстан Республикасының Бас Прокурорының 2007.06.07. N 22 (бұқаралық ақпарат құралдарында ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Ескерту: Бұйрықтың тақырыбы мен әрі қарайғы мәтіні бойынша "Істері соттар ведомствосына қарасты қасақана әкімшілік құқық бұзушылықтар жасаған; " сөздері алынып тасталынды - ҚР Бас Прокурорының 2004 жылғы 13 сәуірдегі N 21 бұйрығымен .

Қазақстан Республикасының "Мемлекеттік қызмет туралы" Заңын ақпараттық және статистикалық қамтамасыз ету мақсатында, Қазақстан Республикасының "Прокуратура туралы" Заңының 11 бабының 4-1 тармағын басшылыққа ала отырып **БҰЙЫРАМЫН:**

1. 2003 жылғы 1 қаңтардан бастап қоса берілген "Белгіленген реттерде әрекетке қабілетсіз деп танылған немесе әрекетке қабілеттілігі шектелген, сондай-ақ мемлекеттік лауазымды атқару құқығынан сот айырған тұлғалардың бірыңғай есебін жүргізудің реті жөніндегі Ереже" бекітіліп, қолданысқа е н г і з і л с і н .

2. Қазақстан Республикасының соттары және құқықтық статистика мен ақпарат органдары осы Ереженің орындалуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Бас Прокурорының орынбасары М.Қ.Вайсовқа жүктелсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
Б а с П р о к у р о р ы
2 с ы н ы п т ы м е м л е к е т т і к

заң кеңесшісі

" К е л і с і л г е н "

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Жоғарғы Сот Төрағасы

12 желтоқсан 2002 ж.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Б а с П р о к у р о р ы н ы ң

2002 жылғы 13 желтоқсандағы

№ 67 бұйрығымен бекітілген

Белгіленген реттердегі әрекетке қабілетсіз деп танылған немесе әрекетке қабілеттілігі шектелген, сондай-ақ мемлекеттік лауазымды атқару құқығынан сот айырған тұлғалардың бірыңғай есебін жүргізудің реті туралы
ЕРЕЖЕ

Ескерту: Ереженің атауына өзгерту енгізілді - ҚР Бас Прокурорының 2004 жылғы 13 сәуірдегі № 21 бұйрығымен .

Тарау 1. Жалпы ережелер

1. Осы Ереже "Мемлекеттік қызмет туралы" Заңды ақпаратпен қамтамасыз ету мақсатында және төменде көрсетілген тұлғалардың бірыңғай есебін жүргізу ретін анықтау үшін енгізіледі:

- белгіленген реттердегі әрекетке қабілетсіз немесе әрекетке қабілеттілігі шектелген деп танылған ;

- мемлекеттік лауазымды атқару құқығынан сот айырған.

Ескерту: 1-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Бас Прокурорының 2004 жылғы 13 сәуірдегі № 21 бұйрығымен .

2. Аталған тұлғалардың орталықтандырылған есебін Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы жанындағы құқықтық статистика және ақпарат (Департамент) орталығы (бұдан әрі - ҚСЖА(Д)О) орталығы мәліметтер банкісін жүргізу арқылы жүзеге асырады.

Есепке алу мәліметтерін түзету құқықтық статистика субъектілерінің жазбаша хабарламалары негізінде жүргізіледі.

Облыстардағы құқықтық статистика және ақпарат орталықтары және оларға теңестірілгендер (бұдан әрі - ҚСЖА(Д)О) жергілікті есепке алуды жүргізеді.

Есепке алудың толықтығы мен есептік құжаттардың уақытында ұсынылуын бақылау мақсатында ҚСЖАО тоқсан сайын 1 реттен кем емес, соттардың есептік мәліметтерімен өзара салыстыру тексерісін жүргізеді. Ережелер жүзеге асырылуы, құқықтық статистика субъектілері, ҚСЖА(Д)О мен оның аумақтық бөлімшелері үшін міндетті.

Соттардың төрағалары құқықтық статистика органдарына ұсынылатын есептік-тіркеу нысандарының толықтылығы мен уақытында жіберілуін қамтамасыз етуге міндетті.

Тарау 2. Ғәрекетке қабілетсіз немесе әрекетке қабілеттілігі шектелген деп танылған тұлғалардың есебін жүргізудің реті

3. Әрекетке қабілетсіз немесе әрекетке қабілеттілігі шектелген деп танылған, 75 жасқа толмаған тұлғалар есепке алынуы қажет.

4. Заңда анықталған ретте әрекетке қабілетсіз немесе қабілеттілігі шектелген деп танылған тұлғаларды есепке алу бірінші аппеляциялық және қадағалау сатысында бағыныштылық соттардың азаматтық істерді қараудың есептік статистикалық кәртішкелердің 6, 8, 34 нысандарына қосымша талон негізінде (бұдан әрі - талон) жүргізіледі.

5. Талонды істі қарастырған сот құрастырады және оған шешім қабылданған сот органына арыздың түскен күні мен айы, азаматтық істің нөмірі, жауапкер мен талапкердің әрекетке қабілеттілігінің түрі және шешімнің қабылданған уақыты көрсетіледі. Егер сот қаулысы жойылса немесе тоқтатылса талон т о л т ы р ы л м а й д ы .

Сот шешімінің заңды күшіне енгеннен кейінгі 5 жұмыс күні ішінде сот төрағасы талонға қол қояды да аумақтық ҚСЖАО жанындағы, ал әскери соттармен құрастырылған талондар Бас әскери прокуратурасының ҚСЖАО жіберіледі.

6. ҚСЖАО талонды алған соң оның дәйектемелерінің толықтығын, толтыруының дұрыстығын тексеріп, белгіленген реттегі әрекетке қабілетсіз немесе әрекетке қабілеттілігі шектелген деп танылған тұлғаларды есепке алудың алғашқы кесімдер есебінің журналына (2-қосымша) немесе компьютерлік түрде жүргізілетін журналға тіркейді. Осы ереженің талаптарына қайта толтырылған талондар тіркелмейді және оны жолдаған органға қайта ресімдеу үшін қайтарылады, ал ол талон қайтадан келіп түскенінен кейінгі 15 күн ішінде түзетілген нұсқасын қайтадан жібереді. Талондар ҚСЖАО сақталуы қажет.

Келіп түскен талон негізінде ҚСЖАО бір дана "Әрекетке қабілетсіз немесе әрекетке қабілеттілігі шектелген тұлғаның кәртішкесін 7-қосымшасы ресімдейді де тіркелгенінен кейінгі 10 жұмыс күні ішінде ҚСЖАО-на орталықтырылған банк мәліметтерін қалыптастыру үшін жіберіледі.

7. Әрекетке қабілетсіз немесе әрекетке қабілеттілігі шектелген тұлға туралы мәліметтер заңда белгіленген ретте олардың әрекетке қабілеттілігі толықтай қалпына келгенше сақталады.

8. Егер тұлғаның әрекетке қабілеттілігі толықтай қалпына келсе, мүдделі тұлғалардың аумақтың ҚСЖАО-ына ұсынған процессуалдық кесімінің көшірмесі негізінде ғана талон алынады. Көрсетілген процессуалдық акт ҚСЖАО жасаған түзетуі туралы белгісімен тіркелгенінен кейінгі 5 күні ішінде, ҚСЖА(Д)О орталықтырылған есепке сәйкестендірілген түзету енгізу үшін жолданады.

9. Әрекетке қабілетсіз немесе әрекетке қабілеттілігі шектелген деп танылған тұлғалардың кәртiшкесiн ҚСЖА(Д)О жүргізеді. Кәртiшкелер және қосымша талондар осы Ереже белгілеген сақтау мерзімі біткеннен кейін жойылған есептік құжаттардың жалпы саны көрсетілген кесімі бойынша жойылады.

Тарау 3. Мемлекеттік лауазымды атқару құқығынан айырылған тұлғаларды есепке алудың реті

10. Мемлекеттік лауазымды атқару құқығынан сот айырған 75 жасқа дейінгі тұлғалар есепке алынуы қажет.

11. Мемлекеттік лауазымды атқару құқығы белгілі мерзімге шектелген тұлғалар жөніндегі мәліметтерді ҚСЖАО, 6.0 нысанды айыпталушының (сотталғанның) кәртiшкесінің 17, 18.1 және 19 тармақтарының мәліметтері негізінде қалыптастырады.

12. Жазаның осы түрі тағайындалғанда, 6.0 нысанды айыпталушының (сотталғанның) статистикалық кәртiшкесіне мемлекеттік лауазымды атқару құқығын белгілі мерзімге шектеуде ҚРҚК 4 бөлімінің 4-бабының талабын ескеріп, шектеу мерзімінің аяқталу уақыты көрсетіледі.

13. №6.0 нысанды айыпталушының (сотталғанның) статистикалық кәртiшкесі негізінде ҚСЖАО бір дана "Мемлекеттік лауазымды атқару құқығынан айырылған тұлғаның кәртiшкесін" (6-қосымша) ресімдейді, мемлекеттік лауазымды атқару құқығы белгілі мерзімде шектелген (3 қосымша) тұлғаларды алғашқы тіркеу кесімдері журналына немесе компьютерлік вариантында тіркегеннен кейінгі 10 жұмыс күні ішінде ҚСЖО(Д)А орталықтандырылған мәліметтер банкісін қалыптастыру үшін жолдайды. 6.0 нысанды, белгіленген лауазымды атқару құқығынан айыру туралы (17, 19 тармақтар) белгісі бар, ал бірақта 18.1 тармағы бойынша белгісі жоқ кәртiшкелер тіркеуге жатпайды және осы Ереженің талаптарын орындау үшін сотқа жолданады.

14. Тұлғалар жөніндегі мәліметтер белгіленген мемлекеттік лауазымды атқару құқығынан айыру мерзімі біткенше сақталады. Егерде мемлекеттік лауазымды орындау құқығы шектелген мерзімі таусылмай қайтадан берілсе, мүдделі тұлғалардың аумақтық ҚСЖАО ұсынған процессуалдық кесімдерінің көшірмесі негізінде алынып тасталады. Көрсетілген кесім түзету белгісімен 5 жұмыс күні ішінде ҚСЖОАО(Д) жіберіледі.

15. ҚСЖА(Д)О мемлекеттік лауазымды атқару құқығынан айырылған тұлғаларды есепке алу кәртiшкелерін жүргізеді. Кәртiшкелер осы Ереже белгілеген сақтау мерзімі аяқталысымен, кесім бойынша есептік құжаттардың жалпы саны көрсетіліп жойылады.

Тарау 4. Қасақана әкімшілік құқық бұзушылық жасаған тұлғалардың ведомствалық соттарға қарасты істерін есепке алудың реті

Ескерту: 4-тарау алынып тасталды - ҚР Бас Прокурорының 2004 жылғы 13 сәуірдегі N 21 бұйрығымен .

Тарау 5. Есепке өтінішпен барудың негізі мен реті

20. Есеп бойынша тексеруге жататындар мемлекеттік қызметтегі қызметкерлермен мемлекеттік қызметке талаптанушылар.

21. Мемлекеттік орган тұлғалар жөніндегі ақпаратты талап етуі ҚСЖАО әрбір тексеруші тұлға бойынша жеке ресімделген сұрау салуды (4 қосымша) жолдау арқылы жүзеге асырылады.

22. Сұрау салуды ресімдеуде ата-тегі, есімі, әкесінің аты, атау септігінде көрсетіледі. Барлық бағыт сілтеуші мәліметтер түзетулерсіз, басқа түрдегі ә р і п т е р м е н ж а з ы л а д ы .

Егер тексерілуші тұлға ататегін, есімін, әкесінің атын, туған уақытын өзгертсе сұрау сұрауда бұрынғы мәліметтер де көрсетілу қажет.

Егер ататегі үш реттен көп ауыстырылса бөлек сұрау салу құрастырылады.

Сұрау салу бланкісінің 7 тармағында міндетті түрде, тексеруші тұлғаның лауазымы немесе мемлекеттік қызметке түсетін талапкердің үміттенген л а у а з ы м ы к ө р с е т і л е д і .

Сұрау салу мемлекеттік органның мөрімен куәландырылады.

23. Сұрау салу почтамен немесе арнайы атқарушымен ҚСЖАО канцеляриясына жолданады.

24. Осы ереженің талаптарына сәйкестендірілмей ресімделген сұрау салу орындалмай кері қайтарылады және ол туралы арнайы белгі соғылады.

25. Сұрау салу келіп түскеннен кейінгі 5 жұмыс күні ішінде орындалады да құқықтық статистика органына және бастамашысына почтамен жіберіледі немесе Қ С Ж А О т і к е л е й б е р і л е д і .

Сұрау салу өз нысаны бойынша сыбайлас жемқорлық құқық бұзу субъектілерін есепке алудың бірыңғай реті туралы нұсқаудың 3 қосымшасына ұқсас.

26. Мәліметтер банкісінде, тексерілуші тұлға жайында мәліметтер болмаған жағдайда сыртқы жағынан келесі мәтінді мөртабан "Мәліметтер жоқ", " Анықтаманы ҚСЖАО қызметкері жүргізді" басылып тексерудің уақыты к ө р с е т і л е д і .

Есептік мәліметтерде тексеруші тұлға жайында олар сұрау салудың сыртқы жағында көрсетіледі және келесі мазмұнды мөртабанмен куәландырылады: " Анықтаманы жүргізген ҚСЖАО қызметкері" тексерудің жүргізілген уақыты туралы белгі қойылады.

Тарау 6. Есептік-тіркеу материалдарын бланкілерімен қамтамасыз ету реті

27. Осы Қағидамен алдын ала қаралған, нысандары белгіленген және материалы сапалы есепке алу-тіркеу құжаттарының бланкілері құқықтық

статистика және арнайы есепке алу субъектілерімен дайындалады.

Ескерту: 27-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Бас Прокурорының 2004 жылғы 13 сәуірдегі N 21 бұйрығымен .

28. Қосымша талондар жазу қағаздарына басылып шығарылады.

29. Мемлекеттік лауазымды атқару құқығынан айырылған әрекетке қабілетсіз немесе әрекетке қабілеттілігі шектелген деп танылған тұлғалардың кәртiшкелері қалың картонда әзірленеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Б а с п р о к у р а т у р а ж а н ы н д а ғы
Қ ұ қ ы қ т ы қ с т а т и с т и к а ж әне

Ақпарат (Департаменті) Орталығы

1 - Қ о с ы м ш а

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
Б а с П р о к у р о р ы н ы ң N 6 7
1 3 ж е л т о қ с а н 2 0 0 2 ж .

бұйрығымен бекітілген

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
Б а с п р о к у р а т у р а с ы
Қ ұ қ ы қ т ы қ с т а т и с т и к а ж әне а қ п а р а т
(Департамент) орталығы

Қ а с а қ а н а ә к і м ш і л і к қ ұ қ ы қ б ұ з у ш ы л ы қ ж а с а ғ а н т ұ л ғ а л а р д ы
а л ғ а ш қ ы е с е п к е а л у д ы ң е с е п т і к к е с і м д е р

ЖУРНАЛЫ

Ескерту: 1-қосымша алынып тасталды - ҚР Бас Прокурорының 2004 жылғы 13 сәуірдегі N 21 бұйрығымен .

2 - Қ о с ы м ш а

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
Б а с П р о к у р о р ы н ы ң N 6 7
1 3 ж е л т о қ с а н 2 0 0 2 ж .

бұйрығымен бекітілген

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
Б а с п р о к у р а т у р а с ы
Қ ұ қ ы қ т ы қ с т а т и с т и к а ж әне а қ п а р а т
(Департамент) орталығы

Б е л г і л е г е н р е т т е ә р е к е т к е қ а б і л е т с і з н е м е с е ә р е к е т к е
қ а б і л е т т і л і г і ш е к т е л г е н д е п т а н ы л ғ а н т ұ л ғ а л а р д ы а л ғ а ш қ ы
е с е п к е а л у д ы ң е с е п т і к к е с і м д е р

ЖУРНАЛЫ

NN₀ _____

Бастау _____ 20 ж N _____
 Аяқталуы _____ 20 ж N _____
 Астана 2002 жыл

№	Азаматтық істі қараған соттың атауы, 6-нысанды карточканың ҚСЖАО-не түскен күні	Мәлімдеме берушінің мәліметтері (тегі, аты-жөні, туған күні мен орны)	Жауапкердің мәліметтері (тегі, аты-жөні, туған күні мен орны)	Істің қаралу нәтижесі
---	---	--	---	--------------------------

1	2	3	4	5
---	---	---	---	---

3 - Қ о с ы м ш а

Қазақстан Республикасының
 Бас Прокурорының N 67
 13 желтоқсан 2002 ж.

бұйрығымен бекітілген

Қазақстан Республикасының
Бас прокуратурасы
Құқықтық статистика және ақпарат
(Департамент) орталығы

Мемлекеттік лауазымды атқару құқығы белгілі мерзімге шектелген тұлғаларды
алғашқы есепке алудың есептік кесімдер
ЖУРНАЛЫ

№ _____
 Бастау _____ 20 ж N _____
 Аяқталуы _____ 20 ж N _____
 Астана 2002 жыл

N	Қылмыстық	Соттың	Соттың	Істің	Істің	Белгілен.	Жаза	Белгі.
p/	қудалау	тіркеуі	атауы,	арқауы	қаралу	ген мер.	шара.	ленген
P	органының	бойынша	судья.	(мазмұ.	нәти.	зімге	сының	лауа.
	тіркеуі	істің	ның	ны)	жесі	мемлекет.	түрі	зымды
	бойынша	N-рі	тегі,		тік лауа.			атқару
	қылмыстық		аты-		зым қыз.			құқы.
	істің		жөні		метін			ғынан
	N-рі				атқару			айырыл.
					құқығынан			ған
					айырылған			мерзімі

						тұлға		
						жөнінде		
						мәліметтер		

1	2	3	4	5	6	7	8	9
---	---	---	---	---	---	---	---	---

4 - Қ о с ы м ш а

Қазақстан Республикасының

Б а с П р о к у р о р ы н ы ң N 6 7

1 3 ж е л т о қ с а н 2 0 0 2 ж .

бұйрығымен бекітілген

Қызметте пайдалану үшін

РҚАО-ның ескертуі: Қызмет бабында пайдалануға арналған нормативтік акт Деректер базасына енгізілмейді.

5 - Қ о с ы м ш а

Қазақстан Республикасының

Б а с П р о к у р о р ы н ы ң N 6 7

1 3 ж е л т о қ с а н 2 0 0 2 ж .

бұйрығымен бекітілген

Апелляциялық және қадағалау соттарының бірінші бағыныштылығы қараған азаматтық істердің №6, 8, 34 нысанды есептік-статистикалық кәртішкелеріне

қ о с ы м ш а - т а л о н

(белгіленген реттерде әрекетке қабілетсіз немесе әрекетке қабілеттілігі шектелген тұлғаларға толтырылып, шешімнің заңды күшіне енгеннен кейін ұсынылады)

Арыз _____ 20 ж. келіп түсті

Істің N _____

Соттың атауы _____

А р ы з д ы б е р у ш і л е р / ____/

1 . О т б а с ы м ү ш е л е р і

2 . Ж а қ ы н т у ы с т а р ы

3 . П р о к у р о р

4 . Қ а м қ о р л ы қ о р г а н д а р ы

5. Психиаторлық (психоневрологиялық) емдеу мекемесі

Жауапкер туралы мәліметтер

1. А.Е.Ә.А _____

2. Туған жылы, айы, күні "___" _____ 20 ж

3. Туған жері _____

Қуыным қанағаттандырылған және жауапкер

1. Әрекетке қабілетсіз

2. Әрекетке қабілеттілігі шектелген деп танылған

(Апелляциялық, қадағалау) бірінші бағыныштылық саты сотының шешімі
(керектісі сызылсын)

_____ 20 ж
Сот төрағасы _____
(А.Е.Ә.А. қолы)

" ____ " _____ 20 ж

(Көлемі: А4-210Х297)

6 - Қ о с ы м ш а

Қазақстан Республикасының

Бас Прокурорының N 67

13 желтоқсан 2002 ж.

бұйрығымен бекітілген

**Мемлекеттік лауазымды атқару құқығынан айырылған
тұлғаның кәртiшкесі**

Ататегі _____ Кәртiшкені _____
Облыс бойынша ҚСЖАО құрастырған

Есімі _____

Әкесінің аты _____

Туған жылы, айы, күні _____ (Қызметкердің А.Е.Ә.А.)

Туған жері _____ Талондарды есепке алу журналдағы

Мемлекеттік лауазымды атқару тіркеу N _____

құқығы _____ 20 ж
(С о т т ы ң а т а у ы)

Соттың _____ " ____ " _____ 20 ж

Үкімі негізінде _____

Негізі, қосымша шара ретінде

_____ (керексізі сызылып тасталсын)

жылға шектелген _____/_____

(көлемі 140х95мм)

7 қ о с ы м ш а

Қазақстан Республикасының

Бас Прокурорының N 67

13 желтоқсан 2002 ж.

бұйрығымен бекітілген

**Әрекетке қабілетсіз немесе әрекетке қабілеттілігі
шектелген деп танылған кәртiшкесі**

Ататегі _____ Кәртiшкені _____
Облыс бойынша ҚСЖАО құрастырған

Есімі _____

Әкесінің аты _____

Туған жылы, айы, күні _____ (Қызметкердің А.Е.Ә.А)

Туған жері _____

Шешімі негізінде ____ " ____ 20 ж Талондарды есепке алу журналдағы
(Соттың атауы) тіркеу N _____

Соттың _____ 20 ж

Үкімі негізінде _____

әрекетке қабілетсіз/әрекетке

қ а б і л е т т і л і г і

(керексізі сызылып тасталсын)

Отбасы мүшелерінің (1),

туысқандарының (2),

прокурордың (3), қамқоршылық

органдарының (4), емдеу

мекемесінің (5) арызы бойынша

деп табылған /__/

(көлемі 140x95мм)